ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2024 жылғы 16 қыркүйек № 1013-24-00-2/1876 іс Семей қаласы

Абай облысының мамандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы А.Ергалиева,
оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен, талап қою бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі «Қазақстан Республикасының Ұлттық ядролық орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
«ЖУСИБАЛИЕВА КЕНЖЕКЕЙ КЫСПАНОВНА» жеке кәсіпкер

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы ретінде тану туралы;

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226-баптарын басшылыққа ала отырып, **сот**

ШЕШІМ ЕТТІ:

Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі «Қазақстан Республикасының Ұлттық ядролық орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының «ЖУСИБАЛИЕВА КЕНЖЕКЕЙ КЫСПАНОВНА» жеке кәсіпкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюы - қанағаттандырылсын.

«ЖУСИБАЛИЕВА КЕНЖЕКЕЙ КЫСПАНОВНА» жеке кәсіпкер мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

«ЖУСИБАЛИЕВА КЕНЖЕКЕЙ КЫСПАНОВНА» жеке кәсіпкерден мемлекет пайдасына 1846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күнінен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Құжатқа қол қойылған: Ергалиева А. Т., 17.09.2024
Заңды күшіне енген күні: 28.10.2024, судья Ергалиева А. Т., 30.10.2024
1013-24-3-1/1875

Шешімге наразы тарап осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілсе, осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы сот ұйғарым шығарғаннан кейін Абай облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына Абай облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы бір ай мерзімде апелляциялық шағым беруі, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья **А.Ергалиева**

Құжатқа қол қойылған: Ергалиева А. Т., 17.09.2024

Заңды күшіне енген күні: 28.10.2024, судья Ергалиева А. Т., 30.10.2024

1013-24-3-1/1875